

ШОМШИ ҚАЛДАЯҚОВ



**БАҚЫТ
ҚҰШАҒЫНДА**

ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВ

БАҚЫП
ҚҰШАҒЫНДА



ИЗДАТЕЛЬСТВО АЛМАТЫ
ӨНЕР 2006
БАСПАСЫ

Коральскийден тәлім алып, Алматыға келген соң белгілі композитор, композиция және фортепьяно пәндерінің үлкен ұстазы, 1929–1930 жылдарда Ленинград консерваториясының жоғарыда атаған екі бірдей факультетін бітірген аяулы педагогіміз Василий Васильевич Великановтың класында оқыдым.

Солай бола тұрса да, өнедерім әрі таза халықтық және ешкімге ұқсамайтын жаңаша болуы үшін консерватория қабырғасында жазылған бірқатар шығармаларды кезінде қазақ музыкасының асқары, академик Ахмет Қуанұлы Жұбановқа көрсетуші едім де, ал күні бүгінге дейін өзім ұлағатты ұстаз тұтатын Латыф Абдулхайұлы Хамиди ағаның кеңесін тыңдамай эфирге ұсынбаушы едім. Латекең творчествосын әлі пір тұтатыным жалған емес. Аттарын атап отырған төрт ұстазым мен үшін дәл қазіргі күнде де музыка, сондай-ақ, жалпы көркемөнер әлемінде қырандар ғана жете алатын Гималай тауларының шыңдарындай. Сондықтан да мен өз ұстаздарымды бүгін де ерекше мақтан етемін.

Консерватория қабырғасында жүргенде Ұлы Октябрь революциясының 40 жылдық мерекесіне арналған әндердің жабық конкурсында бірінші бөйге алуым талабыма қанат бітіргендей болды. Мұнан соң жарыққа шыққан “Қайықта”, “Жүрек сыры”, “Арман” әндері студент жастар арасында кең тарап, кеудеде осы өнерге деген шын сенім, ынта пайда болғаны рас. Жастар аузынан тастамай айтып жүретін ғажайып музыка жаза түссем деген ойлар баурап алып кетті. Бірақ азды-көпті мақтау естіп, қолпаштауға мәз болып жүріп консерваториялық қажетті ілімді толық ала алған жоқпын. Оған, әрине, өкінгенмен енді қайтіп оралмайды.

Қазақта “Жаман шынын айтамын деп, сырын айтады” деген парасатты сөз бар. Мен сіздерге сырымды айтамын дегенде, өзімді-өзім мақтайын деп отырғаным жоқ. Таланты бар адамның қолы жазудан босамау керек. Ал халық өзіне жақсысын, қажеттісін тандап алады. Ең ұлы сыйлық, асқан құрмет халық сүйіспеншілігі, қауымның көңілі.

1965 жылы, республикамызда алғаш рет Қазақстан комсомолы сыйлығы белгіленгенде, өнерпаз жастар арасында маған да бірінші боп осынау сыйлық табыс етілді. Мен азын-аулақ қабілетімнің елге қажет екенін, бұл сыйлық менің алдағы творчествома аванс екенін жете пайымдағандай болдым. Тың жерлерді игеріп, Отан байлығын арттырып жатқан жастар ерлігін жырлайтын, жаңа шабыт, жаңа кілт іздеу мақсатқа айналды. Ол – миллиард пұт астық беріп жатқан диқандардың ортасы еді. Мен, сөйтіп махаббат әндерінен еңбек тақырыбына осылай бет бұрдым.

Өнердің барша саласы секілді музыка да адамдардың жасампаз бейнесін көрсетуге бағышталатындықтан, әсем астанамыз Алматының қызықтарын қоя тұрып, облыстарға, аудандарға, ауылдарға ұзақ-ұзақ мерзімдерге сапар шектім. Ел-жұрттың жанын, жүрек сырын ұғу керек болды. Оны туған жерім Арыс өңірін аралаудан бастадым. Бұл өзеннің бойына жиырмаға жуық колхоз бен совхоз қоныс тепкен. Сол түлеген өңірмен қайта танысып, жастарына арнап ән жаздым. Қызылорда облысын аралап, оның күрішшілерін әнге қостым. Гурьев пен Маңғыстау түбегін көріп, мұнайшылар ерлігіне қайран қалдым. Сөйтіп оларға да әннен сыйлық жасадым.

Торғай облысы ашылғанда шаттанған елін, арайлы даласын көріп, “Арқалықтағы ақ таңым” деп, көңіл құсым бір құйқылжып қалған. Тізбектей берсем, толып жатыр. Менің күнім – халықпен. Жезқазған, Көкшетау жерін аралап кеншілері мен тың игерушілеріне төрт ән жаздым. Қарқаралы, Мойынқұм сияқты арасы алшақ елді мекендерде болып оларды да әнге қосқанымды айта кетсем артық болмас.

Республикамыздың талай-талай жерлерінде болып, асыл азаматтарымен танысып, олардағы Отанға деген, туған жерге деген шексіз сүйіспеншілікті көрдім.

Бұл қасиет мені қатты толқытты. Шын қуана тебірендім. Керемет сезімдер оятты. Сондықтан да талай еңбек озаттарын, ардақты ұлдарды атын атап өнге қостым. Оларға өн арнадым. Біздің өнеріміздің тарихында белгілі бір кісіге қатыстырып өн шығару, не арнау бұрыннан дәстүр болған, бар нәрсе ғой. Әріге бармай-ақ Біржанның, Ақансерінің, Балуан Шолақтың және көптеген халық композиторларының шығармаларына көз жіберейікші. Біз де сол дәстүрді жалғастыруға талпынамыз. Осы орайда, мен Социалистік Еңбек Ерлері Еркін Әуелбековке, Маржан Тасоваға, сондай-ақ Ғазиза Жұбановаға, Тұйғынбек Темірбековке, Әбдіқалық Байдәулетовке арнап өндер шығардым. Бұл өндерді көпшілік жастар қазір айтып та жүр. Ал Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған Жазылбек Қуанышбаевтың еңбегін ардақтай түсу үшін өн де арнадық. Осы ниет олардың халқымыз алдындағы абыройына, азаматтық орнына деген үрдіс ықыластан еді.

Еңбек тақырыбы, не махаббат деп ара-жік салып бөлгенмен, екеуіне де төгілген өуенді ырғақ, жүректі тебірендірер сазды үн ортақ деп ойлаймын. Кейде лирикалық дыбыстар сүйіспендік жырына ғана тән деп азаматтық өуендерге құрғақ екпін беретініміз бар. Қай тақырыпқа жазсақ та жүректі оятып, қанды ысытар терең сезіммен жазбасақ, ол өн айтушының көңілін баурамайды, санасын биіктетпейді. Бұдан, керісінше, барша музыкалық тақырыптардың отауы бір деген қорытынды тумайды, қайта өннің жаны саздылық (мелодия) екенін әрқашан ескерсек, есте ұстасақ дегім келеді. Сонда шығарма ұзақ өмір сүріп, ғұмырлы болары аян. Өн сүйер қауымның алдындағы, халқымыз алдындағы борышымыз, еңбегіміз сонда ғана еселеніп өтелмек.

Творчество адамы тәрізді менде де жалғыз-ақ арман бар: Арыс өзенін жағалап жүру үшін туған жеріме тартып кетсем де, Ақмандайлымды қайығыма отырғызып, ақ ерке Жайықта сайрандасам да, Жезқазған мен Арқалықты аралап, Бурабайға барып қона жатсам да, қайдасың деп сыр сұлуына сапар шексем де қасиетті халқымыздың алындағы борышымды ел күткен дәрежесінде өтей алсам жақсы болар еді деп, жатсам-тұрсам толғанамын.

Өйткені ойланатын жасқа, толғанатын жасқа келіпшіз.

Автор. 1981 ж.

ОТАН

Сөзі Т.Молдағалиевтікі

Салтанатты

Introduction for the piano part, marked *f*. The music is in 2/4 time, D major, and consists of two staves. The right hand features a melodic line with eighth and sixteenth notes, while the left hand provides a harmonic accompaniment with chords and moving lines.

First line of the vocal melody and piano accompaniment. The vocal line is on a single staff, and the piano accompaniment is on two staves. The lyrics are: 1. Қай-да жүр-сем се - ні,

Second line of the vocal melody and piano accompaniment. The vocal line is on a single staff, and the piano accompaniment is on two staves. The lyrics are: ұ - мыт-пай-мын е - лім, бар ба-қы-тым ме -

нің, ұ - лы О - та - ным. Кеу - дем - де - гі

The first system of the musical score consists of a vocal line and a piano accompaniment. The vocal line is written in a treble clef with a key signature of one sharp (F#). The lyrics are "нің, ұ - лы О - та - ным. Кеу - дем - де - гі". The piano accompaniment is written in a grand staff (treble and bass clefs) and features a steady bass line and a more active treble line with chords and melodic fragments.

күн - ді, кеу - дем - де - гі гүл ді

The second system continues the musical score. The vocal line has the lyrics "күн - ді, кеу - дем - де - гі гүл ді". The piano accompaniment continues with similar harmonic support, including some chordal textures in the treble and a consistent bass line.

са - ған ға - на бе - рем, О - та - ным.

The third system of the score features the vocal line with the lyrics "са - ған ға - на бе - рем, О - та - ным.". The piano accompaniment provides harmonic accompaniment, with some melodic movement in the treble and a steady bass line.

Қайырмасы:
Сен - дік бар - лық ә - нім, а - яу - лы О - та -

The fourth system is marked as a "Қайырмасы:" (Reprise). The vocal line begins with the lyrics "Сен - дік бар - лық ә - нім, а - яу - лы О - та -". The piano accompaniment continues with harmonic support, and the system concludes with a dynamic marking of *f* (forte).

ным. А - с ы л а - н а, а - с ы л а - н а

Ө - м і - р і м м е - н і ң н ұ р та ң ы м

Қ А Й Т А Л А У

Ү ш і н с о ң ы

// ң ы м.

2. Қызыл туым менің,
Қызық күнім менің.
Асқар тауым елім —
Ана — Отаным.
Көп күндерім жарқын,
Жас өмірім алтын
Арналады саған,
Отаным.

Қайырмасы.

3. Орман, көлім менің,
Арман жерім менің,
Сүйем сені мәңгі,
Ұлы Отаным.
Жаралғаным үшін,
Көп арманым үшін
Мен сүйемін сені,
Отаным.

Қайырмасы.

БЕЙБІТ КҮН ТІЛЕГІ

Сөзі Ж.Нәжімеденовтікі

Марш екпінімен

Introduction for the march, marked 'Марш екпінімен' (March tempo). It features a piano accompaniment with a treble and bass clef. The key signature has one sharp (F#), and the time signature is 2/4. The music includes a forte dynamic marking (f) and a triplet of eighth notes in the right hand.

Салтанатты

First system of the vocal melody and piano accompaniment. The vocal line is in a treble clef with a key signature of one sharp (F#). The lyrics are: 1. Жой - ыл - сын жал - ғыз сөз со - ғыс де -

Second system of the vocal melody and piano accompaniment. The vocal line continues with the lyrics: ген, оқ дау - сы маң - гі - лік жой - ыл - сын.

Third system of the vocal melody and piano accompaniment. The vocal line continues with the lyrics: Бом - ба - ның ор - ы - нын те - гіс - те

ген кү - рек - тер му - зей - ге қой - ыл - сын .

Қайырмасы:

Кел, дос - та - рым, ән бас - та -

дым, кө - те - ріп жаң - ғы - рық!

Да - на - сын да - ла, ба - ла - сын

Қайталау үшін

а - на жоқ - та - ма - сын мәң - гі - лік! 2. Көк - те -

С О Ñ Ы

// - лік!

2. Көктесін жас ағаш одан әрі,
 Өткен күн қайтадан жанбайды.
 Сұлудың кестелі орамалы
 Сұртсын тек тершіген маңдайды.

Қайырмасы.

3. Қайғыны білмесін ана жаны —
 Қазіргі адамда арман сол.
 Әлемнің бар сәби балалары
 Оянсын ұйқысы қанған соң.

Қайырмасы.

БАЙҚОҢЫР

Сөзі Н.Әлімқұловтікі

Вальс екпінімен

The first system of the score shows the piano introduction. It consists of two staves: a treble clef staff with a melodic line and a bass clef staff with a harmonic accompaniment. The music is in 3/4 time and begins with a forte (f) dynamic. The key signature has two flats (B-flat and E-flat).

The second system continues the piano accompaniment for the first vocal line. It features a treble clef staff with a melodic line and a bass clef staff with a harmonic accompaniment. The music is in 3/4 time and continues with a forte (f) dynamic. The key signature has two flats (B-flat and E-flat).

The third system contains the first vocal line and its piano accompaniment. The vocal line is written on a treble clef staff with lyrics underneath. The piano accompaniment is written on two staves: a treble clef staff with a melodic line and a bass clef staff with a harmonic accompaniment. The music is in 3/4 time and continues with a forte (f) dynamic. The key signature has two flats (B-flat and E-flat).

1. А - рай - лы аң - са - ған а - сыл ар - ман - да -

The fourth system contains the second vocal line and its piano accompaniment. The vocal line is written on a treble clef staff with lyrics underneath. The piano accompaniment is written on two staves: a treble clef staff with a melodic line and a bass clef staff with a harmonic accompaniment. The music is in 3/4 time and continues with a forte (f) dynamic. The key signature has two flats (B-flat and E-flat).

-рым - дай, ә - лем - ге а - ян, Бай - қо - ңыр.

А - ла - тау, Ал - тай - дың жа - сыл

ор - ман - да - рын - дай, кең да - лам ме - нің жай(лы) ө -

мір. Ла - ла ла - ла лай лай

ла, ла, ла, ла, лай, лай кең да - лам ме - нің жай(лы) ө -

Қайырмасы:

мір. Са - яң - да Бай - қоңыр құ - ла - шын жай(ды)ө - мір

ұ - шу - ға дос - та - рым ай - ға дай - ын, КОС - МОС - ТЫҢ

за - ма - ны дәу - ір - дің жаңа ө - ні Қа - зақ - тың же - рі - нен ай - на - лай.

ҚАЙТАЛАУ ҮШІН

ын!

a tempo

2. Аттанған аспанға қыран отандастарым,
 Қиянға самғап жол салған.
 Өздері ұшырып менің шопан достарым,
 Осында қайта қарсы алған.

Қайырмасы.

3. Бұл жерді жайлаған менің абзал достарым,
 Бойында толы жақсы арман.
 Ерліктің еңбектің айтып алғаш дастанын,
 Достықтың әні басталған.

Қайырмасы.

БАЛТЫҚ ТЕҢІЗІНДЕ

Сөзі С.Асановтікі

Салтанатты

f

1. Көк те - ңіз - де қап - тап жү - зіп ке - ле жа - тыр

ке - ме - лер, көк - те - ңіз - де

жа - ның нұр - ға жа - ның нұр - ға бө - ле - нер. Те -

Қайырмасы:

-ңіз . ші - лер ал - дан кө - зін, ал - дан кө - зін

ал - май - ды. Ша - ға - ла - лар

қа - лық - тап, не - ге шу - лап со - ңы - нан

1. е - ріп қал - май - ды. 2. ҚАЙТАЛАУ те - // - ды.

Ү Ш І Н | С О Ң Ы

// -ды.

2. Соққан кезде қарт Балтықтың қайраты мол толқыны
 Кеме белі қайысты да солқылдады сол күні.
 Теңізшінің от көздері, от көздері талмайды.
 Шағалалар қалықтап,
 Неге шулап
 Соңынан еріп қалмайды. } 2 рет

3. Көп кемеге толған кезде ақ толқынның арасы,
 Сәлем саған жолдап жатыр қазақтың кең даласы.
 Теңізшілер сағынышын туған жерге арнайды.
 Шағалалар қалықтап,
 Неге шулап
 Соңынан әлі қалмайды. } 2 рет

АНА ТУРАЛЫ ЖЫР

Сөзі *Ф.Қайырбековтікі*

Вальс екпінімен

f

1. Ә - лем - нің жа - ры -
Сен бер - дің құс - тар -

ҒЫН
ДЫҢ

Сый - ла - дың сен ма - ған,
Қа - на - тын сам - ға - ған,

The musical score is written in 3/4 time with a key signature of two flats (B-flat and E-flat). It consists of a piano accompaniment and a vocal line. The piano part begins with a forte (*f*) dynamic and features a waltz-like melody. The vocal line enters in the second system with the lyrics '1. Ә - лем - нің жа - ры - Сен бер - дің құс - тар -'. The piano accompaniment continues with a steady accompaniment pattern. The vocal line continues in the third system with the lyrics 'ҒЫН ДЫҢ' and 'Сый - ла - дың сен ма - ған, Қа - на - тын сам - ға - ған,'. The piano accompaniment provides harmonic support throughout the piece.

да - ла - ның өр
ба - ла - лық құш - тү - лін
та - рым

1.

жи - на - дың сен ма - ған.

2.

зі - це ар - на - ған.

Қайырмасы:

Әл - ди - леп, а - я - лап,
Са - мал - жел, са - я - бақ,

ө - сір - ген же - мі - сің,
құ - ша - ғың мен ү - шін.

Е - сей - іп кет - сем де

мен са - ған сә - би - мін,

кө - ңіл - ді көк - тем - дей

ҚАЙТАЛАУ ҮШІН

кө - зің - нен та - ни - мын.

С О Ң Ы

// -мын.

2. Өтеуге борышың
 Анашым жан сырым,
 Іздедім сен үшін
 Әлемнің асылын.
 Әлемнің байлығын
 Сыйлар ем, кеш мені,
 Сыйлар ем ай-күнін,
 Қолыма түспеді.

Қайырмасы.

3. Ете көр қанағат,
 Әзірге берерім, —
 Балалық махаббат,
 Балалық жүрегім.
 Бол риза, анажан,
 Қолдағы осы бар,
 Өзіңе арнаған
 Әнімді қосып ал!

Қайырмасы.

АРЫС ЖАҒАСЫНДА

Сөзі М.Шахановтікі

Вальс екпінімен

mf

1. Ө - зің - мен А - рыс -

тың бой - ын - да та - ныс -

тым. Жай - на - ған гүл - дей

The musical score consists of four systems. Each system includes a piano accompaniment (piano and bass staves) and a vocal line (treble clef). The first system shows the piano introduction with a *mf* dynamic. The second system begins the vocal entry with the lyrics '1. Ө - зің - мен А - рыс -'. The third system continues the vocal line with 'тың бой - ын - да та - ныс -'. The fourth system concludes the vocal line with 'тым. Жай - на - ған гүл - дей'. The piano accompaniment features a waltz-like rhythm with a 3/4 time signature. There are triplets in the vocal line corresponding to the lyrics 'А - рыс -', 'та - ныс -', and 'Жай - на - ған'. The score ends with a double bar line.

кұр - бым сен, жа - ға - да

Қайырмасы:

түр - дың сен. Жаз е - ді күл - кің

де, қай - да - сың бұл күн -

де. Се(ні) із - деп ар - ма - ным

ҚАЙТАЛАУ ҮШІН

сыр - бой - ын шар - ла - дым.

С О Ң Ы

сыр бой - ын шар - ла - дым.

2. Алдыңнан бір бақыт
Тұрғандай тіл қатып.
Толқынға қарап ойлана } 2 рет
Әндеттің жай ғана.

Қайырмасы.

3. Нұр шашып көзіңнен,
Бір нәзік сезіммен,
Жібектей шашың толқындап, } 2 рет
Қалып ең қол бұлғап.

Қайырмасы.

Кете ме осылай
Әніміз қосылмай.
Аяулы таңым сен едің, } 2 рет
Көрсем деп келемін.

Қайырмасы.